

№3 Хаттама
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

2025 жылғы «14» наурыз

Қатысқандар: 7 адам

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі:

1. Мектептің әкімшілік және педагогикалық ұжымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі.
2. «Кәсіби борыш пен жауапкершілік» тақырыбындағы дөңгелек үстел.
3. Азаматтардың хаттары мен өтініштерін қарау:
 - КММ «Айдабол ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» қызметкерлерінің әдеп нормаларын, ішкі тәртіп ережелерін және мектеп жарғысын бұзуына байланысты келіп түскен өтініштерді талдау;
 - Әрбір өтініш бойынша ұсыныстар мен шешімдер әзірлеу;
 - Тәртіп бұзушыларға қатысты (егер анықталған жағдайда) алдағы шараларды айқындау.

Тыңдалды: Мектеп директоры Р.А. Жусупова мектептің әкімшілік және педагогикалық ұжымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы баяндама жасады. Кеңес мүшелеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың негізгі бағыттары туралы ақпарат берді: ұғымы, құрылымы, міндеттері мен мектеп қызметіндегі функциялары. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың конституциялық негіздері мен мектепте мемлекеттік қызметтерді көрсету үдерістерін жетілдіру мәселелерін атап өтті.

О.В. Мищерина, «Кәсіби ар-намыс пен әділеттілік» тақырыбында сөз сөйлеп, баланың тұлғалық рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарды насихаттауға, сондай-ақ оқушыларға әділ әрі адал қарым-қатынас жасауға ерекше назар аударды.

А.А. Достанбекова мектеп қызметкерлерінің әдеп нормаларын, ішкі тәртіп ережелерін және КММ «Айдабол ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» жарғысын бұзу фактілері бойынша азаматтардан хаттар мен өтініштер түспегенін хабарлады.

Қаулы етті: 1. Сыбайлас жемқорлыққа теріс көзқарасты қалыптастыру бағытындағы жұмысты жалғастыру, құқықтық тәрбиенің деңгейін арттыру.

2. О.В. Мищеринаның баяндамасын назарға алып, балалардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарды насихаттауға, оқушыларға әділ әрі адал қарым-қатынас жасауға ықпал ету.

Төрайымы:

Хатшы:



Достанбекова А.А.

Ерденова А.У.

№4Хаттама

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

« 12» мамыр 2025ж

Қатысқан :7

Қатыспаған:

Күн тәртібі:

- 1.Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жылдық есебі.
2. Келесі оқу жылына жұмысты алдын ала жоспарлау.

Тыңдады:

- 1.Достанбекова А.А. әдеп жөніндегі кеңестің қызметі,жұмыстағы қиындықтар ,2024-2025 оқу жылына арналған жоспар бойынша өткізілген іс-шаралар туралы айтып берді .
- 2.Жусупова Р.А мектеп директоры: мектеп қызметкерлерінің әдеп нормаларды,ішкі тәртіп ережелерін ,мектеп жарғысын бұзу фактлері бойынша азаматтардан хаттары мен өтініштері түскен жоқ.

Қаулы етті:

- 1.Әдеп жөніндегі кеңестің 2024-2025 оқу жылындағы жұмысын қанағаттанарлық деп тану.

Төрайымы :




А.А.Достанбекова

Хатшы:

А.У.Ерденова